Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Мәдениет комитетінің
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК **«I Сарайшық оқулары - 2022» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның** жұмысына қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты: Республикалық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіші - көне Сарайшықтың даму тарихын, оның өзге тарихи ескерткіштермен байланысын зерттеу, оларды жаңа деректермен толықтыру және зерделеу.

Конференцияның міндеті: ұлттық құндылықтарды сақтау, көне Сарайшықтың тарихын насихаттау, бабалар аманатына адалдық, азаматтардың, болашақ ұрпақтың санасында көне мұраларға деген құрмет сезімін, отаншылдық, патриоттық сезімдерді қалыптастыруға бағыттау.

Негізгі бағыттары:

1. Жалпы орта білім беру бағдарламасындағы «Тарих», «Өлкетану» пәндерінің оқытылуы. Өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары
2. Туған өлкені зерттеу: тарихи-мәдени мұра ескерткіштері тарихы, археология, этнология, топономика мәселелері.
3. Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) мұрасы - әлем тарихында
4. Сарайшық қаласы: жаңа зерттеулер мен пайымдар

Конференция жұмысына қатысуға Сарайшықты және ортағасырлық қалалар тарихын зерттеуші ғалымдар, өлкетанушылар, музей қызметкерлері, кәсіптік және техникалық білім беру, жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтары, докторанттар мен магистранттар, студенттер, мектеп оқушылары шақырылады.

Қатысу түрі: келіп қатысу немесе сырттай қатысу (карантиндік шараларға байланысты онлайн форматта өтуі мүмкін).

Конференция жұмысына қатысқысы келетіндер Ұйымдастырушы комитетпен байланысқа шығуы тиіс. Конференция материалдары электронды жинақ түрінде шығарылып, музей-қорық сайтына (http://saraishyq.kz) орналастырылады.

Өтетін уақыты: 12 сәуір 2022 жыл

Өтетін орны: Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы.

Конференцияны ұйымдастыру алқасының мекен-жайы: индекс 060707, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Мырзағали Қазірет көшесі, 11 үй. «Сарайшық»

мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, телефон/факс: 8 (71236) 255 06, 8 708 821 8780, 8 702 918 5450 – Жумабаев Амангелді. Эл.пошта: saraishykokulary@mail.ru .